

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

**Жарналардың дифференциалды мөлшерлемелерін есептеу және
методологиясы департаменті**

2015 ж. 2-тоқсанындағы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ




Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 2015 жылдың 1 шілдедегі жағдайы бойынша 4,4 трлн. теңгеге жетті, оның ішінде депозит қоржынның мөлшері 2 тоқсанда 65,2 млрд. теңгеге немесе 1,5%-ке ұлғайды.

Халықтың депозиттерін тарту бойынша алғашқы бестікке, өзіне **БТА Банк-тің** міндеттемелерін алған **ККБ** есептемегенде, келесі банктер кірді: **KaspiBank** депозиттерінің 16,7 млрд. теңге өсімімен, **Цесна Банк** +15,9 млрд, **Сбербанк** +14 млрд. теңге, **БЦК** +9,5 млрд. теңге, **Евразийский** +6,6 млрд. теңге. Есептік тоқсан ішінде алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда депозиттерінің азаюы тек 11 банкте байқалды, алайда алдыңғы тоқсандағыдай ең ірі депозиттер азаюы **Халық Банкінде** орын алды және ол 11,4 млрд. теңге көлемінде болды, ал **Астана Банкінде** – да 1,1 млрд. теңгені, және **АТФ Банкте** 0,9 млрд. теңгені құрады. Халықтың депозиттерінің жалпы өсімі 343,3 млрд. теңге, ал азаюы (- 14,3 млрд.) теңге болды.

Банктерде сақталған қорлары бар жеке тұлғалар үшін есептік тоқсан ел үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жасалған экономиканы доллардан босату бағдарламасын қолдау мақсатында жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік берілген сомасының 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін көтерілуімен ерекшеленді. Шетел валютасындағы салымдардың өтемақы сомасы өзгеріссіз қалды. Аталған өзгерістердің депозиттер қоржынына әсері жайлы айтар болсақ, өзгерістер мамыр айының аяғында ғана енгізілгендіктен бір ай ішінде айтарлықтай өзгерістер орын ала қоймады. Алайда қысқа мерзім ішінде оң өзгерістер байқалуда. Егер 2015 жылдың 1 маусымы жағдайы бойынша ұлттық валютада орналастырылған жұртшылық салымдарының үлесі 31,8%-ті құраса, 1 айдан соң, яғни 2015 жылдың 1 шілдедегі жағдайы бойынша ол 33% құрады, сәйкесінше шетел валютасындағы салымдар үлесі 68,2%-тен 67%-ке дейін төмендеді. Жеке тұлғалардың салымдарының өзгерісі ұлттық валютада +69,4 млрд. теңгені құраса, шетел валютасында 14,8 млрд. теңгені құрап отыр.

Диаграмма 1. Теңге және шетел валютасымен салынған депозиттер өзгерісінің динамикасы (% бойынша)




Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесі 88,8% немесе 3,9 трлн. теңге және тоқсандық ұлғаюы 28,8 млрд. теңге немесе 0,7% болатын *мерзімді және шартты салымдардан*, жалпы үлесі 11% немесе 478,7 млрд. теңге және тоқсандық ұлғаюы 40,4 млрд. теңге немесе 9,2% болатын *ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан*,



сондай-ақ жалпы үлесі 0,2% немесе 9,8 млрд. теңге және есептік кезеңде 4 млрд. теңгеге немесе 28,9%-ке азайған талап етілгенге дейінгі салымдардан құралған.

Диаграмма 2. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 29,9%-тін (немесе 1,3 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдары** тоқсан ішінде 2,2 млрд. теңгеге толықтырылды. **5млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде 12,5 млрд. теңгеге өсіп, 405 млрд. теңгені (немесе жиынтық қоржынның 9,3%-тін) құрады.

10 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар 159,8 млрд. теңгені немесе жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының 3,7%-ін құрады. Бұл салымдар өсімі айтарлықтай көп емес, ол бар болғаны 7,4 млрд. теңгені құрады және өсім ұлттық және шетел валютасындағы депозиттердің өсуінің арқасында болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігі, яғни 45,9%-і **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдардан** тұрады. Бұл аралықтағы депозиттер 6,7 млрд. теңгеге ұлғайды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің қоржынының 0,2%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** кемуі 4 млрд. теңгені (-28,9%) құрады. Бұл өзгеріс ұлттық валютадағы салымдардың 168 млрд. және шетел валютасындағы салымдардың 3,8 млрд. теңгеге кемуімен байланысты.

Ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары бойынша елеусіз оң өзгерістер орын алды және ол 40,4 млрд. теңгені немесе +9,2%-ті құрады. Шетел валютасындағы салымдар 8,4 млрд. теңгеге азайып, ұлттық валютада 48,7 млрд. теңгеге ұлғайды.

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша Қор өтеуге қажетті кепілдік берілген өтемнің мөлшері **2015 жылдың 1 шілдедегі** жағдайы бойынша 2,3 трлн. теңгеге жетті. Сонымен бірге, есеп беретін күнге тоқсандағы Қордың арнайы резерві Қордың жарғылық капиталының қаражатын есептемегенде 229,5 млрд. теңгені құрады. Қор арнайы резервінің тапшылығы кезінде Қор акционерінің рұқсатымен жарғылық капиталының 70% қолдануға болады. Мұндай жағдайда Қордың арнайы резерв мөлшері 347,4 млрд. теңгені немесе кепіл берілетін жиынтық соманың 14,8%-ін және қатысушы-банктердегі жеке тұлғалардың жалпы депозиттер сомасының 8,0%-ін құрайды.

2015 ж. 1 тамыздағы жағдайы бойынша Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы **Наурыз Банкі** бойынша 679,6 млн. теңгені, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 13,9 млрд. теңгені құрады. Қордың **Наурыз Банкінің** ликвидациялық комиссиясынан кепілдік



берілген өтемді төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 679,4 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 88,0%, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 8,7 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 62,03% өндірілді.

Ағымдағы жылдың шілде айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты Қор Валют Транзит Банк салымшыларына кепілдік берілген өтем төлейді. «Валют-Транзит Банк» АҚ-дағы депозиті 700 мың теңгеден асқан әр салымшыға («Валют-Транзит Банк» АҚ банкрот болған кездегі ең жоғарғы сома) есептелген сыйақысыз, депозит қалдығы бойынша қосымша кепілдік берілген өтем төленеді. Кепілдік берілген өтем сомасы бір салымшыға 5 млн. теңгеден аспайды. Осылайша, бұған дейін 700 мың теңге өтем алған банк салымшыларына тағы да 4,3 млн. теңге мөлшерінде қосымша өтем алу мүмкіндігі пайда болды.



2015 жылдың 1 шілдесіне сәйкес
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы

№ п/п	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	1- тоқсандағы өзгерісі	Шоттардың саны
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	4 362 831 574	65 193 735	22 592 309
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	9 837 668	-3 999 581	1 007 620
1.1.	<i>теңгемен</i>	4 641 313	-167 928	959 703
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	5 196 355	-3 831 653	47 917
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	1 725 747	-3 388 549	105
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	3 874 281 262	28 822 324	2 670 145
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	1 069 324 654	-5 167 098	1 997 392
	1 млн. теңгеден аспайтын	262 108 111	-3 978 177	1 743 259
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	307 795 426	-5 999 943	189 142
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	147 896 266	-2 507 111	38 660
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	126 902 051	4 326 179	19 759
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	37 250 914	3 650 153	3 159
	15 млн. теңгеден жоғары	187 371 886	-658 199	3 413
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	2 804 956 608	33 989 422	672 753
	1 млн. теңгеден аспайтын	115 687 603	3 417 055	402 967
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	255 330 465	6 567 855	143 892
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	217 592 973	4 684 002	54 954
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	278 078 098	8 208 547	41 090
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	122 572 246	3 799 802	10 151
	15 млн. теңгеден жоғары	1 815 695 223	7 312 161	19 699
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	205 817 056	2 873 820	1 805
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	478 712 644	40 370 992	18 914 544
3.1.	<i>теңгемен</i>	364 798 577	48 721 995	18 169 176
3.2.	<i>шетел валютасымен</i>	113 914 067	-8 351 003	745 368
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	7 281 867	4 506 466	57 527